Әділет

# Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 ақпанда № 14815 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.10.2018 № 436 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. "Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 232 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13816 болып тіркелген, 2016 жылғы 27 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің

ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Премьер–Министрінің орынбасары –*
*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрі* *А. Мырзахметов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
______________ Д. Абаев
2017 жылғы "____" _____________

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
______________ Б. Сұлтанов
2017 жылғы "____" ____________

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____________Т. Сүлейменов
2017 жылғы "___" _________

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 1 ақпандағы
№ 50 бұйрығымен
бекітілген

# Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.06.2018 № 233 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау (бұдан әрі – субсидиялау) тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялау тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты толық игерілген жағдайда жұмыс органы өтінімдер қабылдауды тоқтата тұру туралы ұсынысты субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі комиссияның қарауына енгізеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан

Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) ауыл шаруашылығы жануарлары – адамдар өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлар (ірі қара мал, ұсақ мал, жылқы, түйе, шошқа және құс);

3)кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарты (бұдан әрі – субсидиялау шарты) – қаражаттарды аударудың тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін, қарыз алушылардың тізбесін көздейтін, жұмыс органы мен қаржы институты арасында жасалатын жазбаша келісім, оған сәйкес жұмыс органы қарыз алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялайды;

4) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, қазақстандық қаржы институттары арқылы банктік операцияларды жүргізетін шетелдік және халықаралық қаржы институттары, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар кредиттік ұйымдар, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы лизингтік компаниялар мен кредиттік серіктестіктер;

5) қарыз алушы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және/немесе өңдеумен, тамақ өнімдерін өндірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарын қоса алғанда, меншік нысанына қарамастан жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу бойынша қызметтерді көрсететін, қаржы институттарымен қарыз шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

6) қарыз шарты – оның талаптары бойынша қаржы институты кредит/лизинг ұсынатын қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қарыз шарты, сондай-ақ темекі, алкогольдік өнімді, қару мен оқ-дәріні өндірумен және (немесе) саудалаумен, ойын бизнесімен байланысты қаржылық қызметке, сондай-ақ ислам қаржыландыруына жататын ақшаны инвестициялаудан пайыздар түрінде сыйақы алуға бағытталмаған ислам қағидаттарындағы қаржыландыру шарттары;

7) қызмет көрсетуші банк – қарыз шарттары бойынша субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған қаржы институтының арнайы ағымдағы шотын жүргізу бойынша функцияларды жүзеге асыруға қаржы институты уәкілеттік берген (заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы жоқ лизингтік компаниялар мен ауылдық кредиттік серіктестіктер үшін) екінші деңгейдегі банк;

8) субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – жұмыс органының, қаржы институттары мен мүдделі салалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысатын, облыс, республикалық маңызы бар қала немесе астана әкімінің орынбасарлары басқаратын, оның мүшелері "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісілуі мүмкін алқалық орган.

Облыстар, республикалық маңызы бар қала әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармалары және Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі комиссиялар жанындағы жұмыс органдары (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылады;

9) сыйақы мөлшерлемесі – қарызды/лизинг мәнін пайдаланғаны үшін қаржы институтына тиесілі пайыздық мәндегі төлем, оның ішінде исламдық қаржыландыру қағидаттарында жасасқан қарыз шарты бойынша қарыз алушы төлейтін кірістілік мөлшерлемесі;

10) технологиялық жабдық – тікелей және қосалқы мақсаттағы жабдықтардан тұратын, оларды қолданбаусыз толық технологиялық цикл қамтамасыз етілмейтін, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу жөніндегі жабдықтар.

## 2-тарау. Субсидиялар алу шарттары

4. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған субсидиялау шартын субсидиялау шартында көрсетілген талаптарда субсидиялау жалғастырылады.

5. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім) жұмыс органына берілгенге дейін 4 (төрт) жылдан ерте емес жасалған қолданыстағы қарыз шарттары субсидиялауға жатады.

6. Комиссия мақұлдаған қарыз шартын субсидиялау мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) теңгемен жылдық 17 (он жеті) %-дан артық емес және шетелдік валютамен жылдық 7 (жеті) %-дан артық емес бекітілген номиналды сыйақы мөлшерлемесімен жасалған;

2) нысаналы мақсаты негізгі құралдарды сатып алу, құрылыс, айналым қаражаттарын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит/лизинг болып табылады;

3) сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалары бойынша субсидияланбауы тиіс;

4) қарыздың/лизингтің қаржыландыру көзі бюджеттің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болмауы тиіс;

5) жұмыс органына өтінім берілген күнге негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелері жоқ.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдық субсидиялауға жатады. Қайтарымды лизинг, сублизинг шарттары бойынша субсидиялау жүзеге асырылмайды.

7. Субсидиялауды жүзеге асыру үшін қаржы институты немесе қарыз алушы жұмыс органына беру үшін Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды береді:

1) өтінім;

2) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кестесі қоса берілген, қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалған қарыз шартының қаржы институты растаған көшірмесі;

3) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелерімен жаңартылған өтеу кестесінің жобасы ( мөлшерлеменің субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелерімен бірге редакцияланатын электрондық форматта жұмыс органына жолданады);

4) кредит алғаны туралы қарыз алушының несиелік шотынан үзінді-көшірме ( екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе қарыздың аударылғанын/лизинг мәнін бергендігін растайтын құжат;

5) қарыз алушының субсидиялау бағдарламасына қатысуына қаржы институтының келісім хаты (қарыз алушы өз бетінше өтінім берген кезде).

8. Ол бойынша субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған қарыз шарты субсидиялау бағдарламасына қайтадан қатысуға жіберілмейді.

9. Қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қарыздарды кепілдендіру және сақтандыру, негізгі құралдарды (оның ішінде биологиялық активтерді) сатып алу кезінде олардың құнын арзандатуды субсидиялау, жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не қолданыстағыларын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілері шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша мемлекеттік қолдау бағдарламаларымен қатар жүреді.

## 3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

10. Комиссия мақұлдаған қарыз шарты бойынша субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өтінім мақұлданған күннен бастап қарыз шартының қолданылу мерзімінің соңына дейін жүзеге асырылады.

11. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау:

1) ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға қарыз шарты бойынша теңгемен жылдық 10 (он) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 2 (екі) %-ға;

2) негізгі құралдарды сатып алуға қарыз шарты бойынша (ұн, минералды сулар және алкогольсіз сусындар өндіру бойынша негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда) теңгемен жылдық 10 (он) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 2 (екі) %-ға;

3) айналым қаражаттарын толықтыруға теңгемен жылдық 5 (бес) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 1 (бір) %-ға жүзеге асырылады. Сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін жергілікті бюджеттен теңгемен жылдық 10 (он) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 2 (екі) %-ға дейін ұлғайтуға жол беріледі.

Бұл ретте осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігі кемінде теңгемен және шетелдік валютамен жылдық 4 (төрт) % мөлшерінде белгіленеді.

Осы тармақтың 3) тармақшасы бойынша қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігі кемінде теңгемен 7 (жеті) % және шетелдік валютамен жылдық 3 (үш) % мөлшерінде белгіленеді.

12. Қаржы институты шетелдік валютамен берген қарыз шарты бойынша субсидиялау жұмыс органы субсидиялар сомасын қаржы институттарына аударуы күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

Оң бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны болашақ субсидиялар есебіне қосып есептейді, ал теріс бағамдық айырмашылық жағдайында, оны қарыз алушы төлейді. Қаржы институты теріс курстық айырмашылықтың пайда болғаны туралы қарыз алушыны дереу хабардар етеді.

13. Қарыз шартының талаптары өзгерген жағдайда, бұрын мақұлданған және жылдар бойынша есептелген субсидиялар сомасы артпайды, субсидиялау мерзімдері ұзартылмайды.

14. Сыйақы сомасы азайған жағдайда, субсидиялар сомаларын азаю жағына қайта есептеу әр жыл бойынша жеке-жеке жүргізіледі.

## 4-тарау. Субсидиялауды жүзеге асыру тәртібі

15. Субсидиялауға арналған өтінімдерді қабылдау тиісті жылғы 1 ақпаннан бастап жүзеге асырылады.

16. Жұмыс органы тиісті жылдың 20 қаңтарына дейін облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің шешімімен бекітілетін, құрамында комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, мүшелері және хатшысы бар комиссия құрады. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Өтінімдер болған кезде комиссия отырысы айына кемінде бір рет шақырылады.

17. Егер комиссия отырысына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды болып есептеледі.

18. Жұмыс органы осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген өтінімді және құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мыналарды:

1) құжаттардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді;

2) осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды ресімдеуді жүзеге асырады, әрбір қарыз шарты бойынша тиесілі субсидиялар көлемдерінің есебін жүргізеді. Жұмыс органының қорытындысы ұсынымдық сипатқа ие;

3) комиссия отырысын ұйымдастырады.

19. Комиссияның бір отырысы шеңберінде өтінімдерді қарау мынандай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезекте ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға арналған өтінімдер;

2) екінші кезекте осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қызмет түрлерінің басымдылығына сәйкес негізгі құралдарды сатып алуға арналған өтінімдер;

3) үшінші кезекте осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қызмет түрлерінің басымдылығына сәйкес қарыз алушылардың айналым қаражатын толықтыруға арналған өтінімдер қаралады.

20. Қызмет түрлерінің басымдылығы комиссияның бір отырысы шеңберінде келесі кезектіліктегі субсидиялауға арналған өтінімдерді қанағаттандыруға көшкенге дейін жоғары тұрған кезектіліктің қажеттілігін толық қанағаттандыруды көздейді.

21. 19-тармаққа сәйкес өтінімдерді қарау өтінім жұмыс органына келіп түскен күнге жақын комиссия отырысында кезек тәртібімен жүзеге асырылады және өтінім жұмыс органына келіп түскен күнмен айқындалады.

22. Комиссия:

өтінімдерді мақұлдау немесе мақұлдаудан бас тарту туралы;

осы Қағидалардың 44-тармағына сәйкес қарыз шартының талаптарын өзгертуді мақұлдау немесе мақұлдаудан бас тарту туралы;

тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражатын толық игерген жағдайда жұмыс органы ұсынысының негізінде өтінімдер қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте, жұмыс органы өтінімдер қабылдауды тоқтата тұру туралы комиссия шешімі шығарылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы жазбаша түрде қаржы институттарын хабардар етеді және өзінің интернет-ресурсында хабарландыру орналастырады.

23. Өтінімдер қабылдауды тоқтата тұру туралы шешім қабылданғаннан кейін комиссия қарауына түскен өтінімдер қаржы институтына немесе қарыз алушыға қараусыз қайтарылады.

24. Жұмыс органы өтінімді мақұлдаудан бас тарту туралы комиссия шешімі шығарылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірмені қоса бере отырып, бұл туралы Мемлекеттік корпорация арқылы жазбаша түрде қаржы институтын немесе қарыз алушыны жазбаша хабардар етеді.

Қаржы институты өтінім берген жағдайда, қаржы институты Мемлекеттік корпорация хабарлама берген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді мақұлдаудан бас тарту жөніндегі комиссия шешімі туралы өзінің қарыз алушысын жазбаша хабардар етеді.

25. Комиссия шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және хаттама түрінде ресімделеді. Өтінімі қаралатын қарыз алушыны білдіретін немесе өтінім берген қаржы институтын білдіретін комиссия мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

26. Комиссияның хаттамалық шешімі:

1) қаржы институтының немесе қарыз алушының атауын және орналасқан жерін;

2) мақұлданған немесе бас тартылған қарыз алушылардың атаулы тізбесін, бас тарту себептерін;

3) қарыз алушының әрбір шарты бойынша қарыз сомасын;

4) әрбір қарыз алушы бойынша әрбір қарыз шартының қолданыс мерзімін;

5) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидиялау мерзімін;

6) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша нысаналы мақсатын;

7) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің пайызын;

8) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидияның жалпы сомасын қамтиды.

27. Жұмыс органы комиссия отырысын өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде комиссия мүшелерінің қолдарын алады және хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір күндік мерзімде комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірменің түпнұсқасын қоса бере отырып, қаржы институтына немесе қарыз алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға комиссияның шешімі туралы хат жолдайды.

Жұмыс органы қарыз алушылардың субсидиялар алуға арналған өтінімдерін қарастыру туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында ай сайын жаңартады.

28. Субсидиялау үшін қаражаттар беру осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын субсидиялау шартына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Субсидиялау шарты қаржы институты немесе қарыз алушы Мемлекеттік корпорациядан субсидиялау бойынша оң шешімі туралы комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірменің түпнұсқасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жұмыс органы мен қаржы институты арасында жасалады.

30. Қаржы институты субсидиялау шартына қол қойылған күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органына субсидиялау шартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға бюджеттен қаражат аударуға арналған өтінімді (бұдан әрі – аударуға арналған өтінім) және субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті (аударуға арналған бірінші өтінімді берген жағдайда, субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп талап етілмейді) жолдайды.

31. Жұмыс органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде мыналарды:

1) аударуға арналған өтінім сомасының субсидиялау шартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыларды субсидиялау кестесіне сәйкестігін;

2) субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті тексеруді жүзеге асырады (аударуға арналған бірінші өтінімді берген жағдайда, субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп талап етілмейді).

32. Қаржы институты жасалған субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар сомаларын жұмыс органының аударуы үшін арнайы банктік шот ашады, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда қызмет көрсетуші банкте арнайы шот ашады.

33. Қаржы институты арнайы банктік шоттағы ақшалай қаражатты тек қарыз алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін пайдаланады.

34. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде қарыз шартына өтеу кестесіне сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін арнайы шоттан есептен шығаруды жүзеге асырады.

35. Қарыз шарты бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы өз қаражаты есебінен сыйақының толық мөлшерлемесін төлеуді жүзеге асырады. Қаржы институты төлем күні келгенге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын қарыз алушыға толық сыйақы мөлшерлемесін меншікті қаражат есебінен төлеу қажеттілігі туралы хат/хабарлама жолдайды. Жұмыс органы сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражатты аудару арқылы өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты қарыз алушының есептік шотына сыйақының субсидияланатын мөлшерлемесін аудару арқылы қарыз алушыға бұрын төленген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

36. Жұмыс органы жасалған субсидиялау шартына сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына тоқсан сайын аванстық төлеммен, алдындағы тоқсанның соңғы айында аударады.

37. Жұмыс органы осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес аударуға арналған өтінімді тексергеннен кейін бір жұмыс күні мерзімінде тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарына жолдайды.

38. Субсидиялауды тоқтату мынадай жағдайларда комиссия шешімі бойынша жүзеге асырылады:

1) қарыз шарты бойынша қаражатты мақсатты пайдаланбау;

2) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының шоттарына тыйым салу;

3) қарыз алушы қарыз шарты бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемесін толық өтеуі;

4) бюджеттік субсидияларды алудан бас тарту туралы қарыз алушының жазбаша өтінімі;

5) қарыз шартын бұзу.

39. Комиссияның шешімісіз субсидиялауды тоқтату қарыз алушы негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша міндеттемелерін мерзімі өтуінің бірінші күнінен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен артық мерзімде орындамаған жағдайда жүзеге асырылады. Қаржы институты осы факті анықталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы жұмыс органын жазбаша хабардар етеді.

40. Жұмыс органы қаржы институты ұсынған хаттың негізінде көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату туралы қаржы институтын хабардар етеді.

41. Қарыз алушыға субсидиялауды ұсынудан бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

42. Арнайы шотта пайдаланылмаған қаражат қалдығы пайда болған жағдайда оларды:

1) қарыз алушы бағдарламадан алынып тасталған кезде, қаржы институты комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір ай ішінде;

2) қолданыстағы қарыз шартының талаптары өзгерген, сондай-ақ негізгі берешегі мерзімінен бұрын өтелген жағдайда қаржы институты тоқсан сайынғы есептілікті ұсынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

3) қарыз алушы негізгі берешегінің және/немесе сыйақы мөлшерлемесінің жоспарлы төлемін өтеу бойынша міндеттемелерін қатарынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен артық мерзімде орындамаған кезде жұмыс органынан қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату туралы ақпарат алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтару қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте, ағымдағы қаржы жылы жүргізілген төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелердің сомасын ұлғайту және шығыстардың бюджеттік сыныптауышының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының кассалық шығыстарын қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады. Өткен жылдардың төлемдерін қайтарған жағдайда қайтарылатын сома төлемдер жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

43. Қарыз шарты бойынша қарыз алушы негізгі борышты мезгілінен бұрын ішінара өтеген жағдайда, қаржы институты нақты есептелген сыйақы бойынша есептелген субсидияларды аударуды жүргізеді.

44. Комиссия мақұлдаған қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кейінге қалдыру) өзгерген жағдайда, қаржы институты қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша шешім қабылдайды және шешім қабылдағаннан кейін екі күндік мерзімде қаржыландыру шарттарын өзгерту жөніндегі қабылданған шешімнің, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған кестесінің көшірмесі қоса берілген хатты жұмыс органына жолдайды.

Қолданыстағы қарыз шартының талаптарын тек қарыз берушінің келісімімен ғана өзгертуге болады.

45. Жұмыс органы қолданыстағы қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы хатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) Қағидалардың шарттарына сәйкес негізгі борышты, сыйақыны өтеудің жаңартылған кестесін есептеудің және субсидияларды есептеудің дұрыстығын тексеруді;

2) тексеріс нәтижелері туралы қорытындыларды рәсімдеуді жүзеге асырады. Жұмыс органының қорытындылары ұсынымдық сипатта болады;

3) комиссия отырысын шақыруды жүзеге асырады;

4) комиссия отырысын өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде комиссия мүшелерінің қолдарын алады және хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір күндік мерзімде комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірменің түпнұсқасын қоса бере отырып, қаржы институтына немесе қарыз алушыға комиссияның шешімі туралы хат ұсынады.

## 5-тарау. Есептілік

46. Қаржы институты жұмыс органына субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті мынадай мерзімдерде ұсынады:

тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-сына дейін;

жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-іне дейін ( келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат).

47. Жұмыс органы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті мынадай мерзімдерде ұсынады:

тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін;

жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат).

48. Жұмыс органы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің орынбасарымен келісілген, кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды іске асыру туралы мәліметтерді мынадай мерзімдерде ұсынады:

тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін;

жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат).

49. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 112-бабының 4-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаны іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жолдайды.

Кредиттер және технологиялық
жабдықтың, ауыл шаруашылығы
малын сатып алудың лизингі,
сондай-ақ ауыл шаруашылығы
техникасының лизингі
бойынша сыйақы
мөлшерлемелерін субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

## Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға арналған өтінім

Қаржы институты: ________________________________________________
__
(қаржы институтының атауы)
Қарыз алушы:____________________________________________________
__
(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі
немесе заңы тұлғаның толық атауы)
Кімге:__________________________________________________________
__
(атауы)

## 1. Қатысушы туралы мәліметтер

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қарыз алушының атауы | |
| 2 | Басшының аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі | |
| 3 | Қарыз алушыны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер (берілген нөмірі, күні және орны), заңды тұлға үшін БСН/ жеке тұлға үшін ЖСН | |
| 4 | Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша қызметтің түрі | |
| 5 | Заңды мекенжайы | |
| 6 | Накты мекенжайы | |
| 7 | Банк деректемелері | |
| 8 | Байланыс телефондары | |

| | |
|---|---|
| 9 | Осы өтінімде көрсетілген кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша бұрын алынған субсидиялар туралы мәлімет (бар болған жағдайда): шарт № және күні, кредит/лизинг сомасы, қаржы институтының атауы, бюджеттік бағдарламаның атауы |
| 10 | Банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензия туралы мәлімет (бар болған жағдайда): лицензияның № және күні, кім берді |

## 2. Субсидиялауға жататын кредиттік шарттар (бұдан әрі – КШ) туралы ақпарат

| № | К Ш ( № және күні) | Бастапқы негізгі борыш сомасы, теңге | Сыйақы мөлшерлемесі, % | Субсидиялау күніне негізгі борыш бойынша берешек қалдығы, теңге | КШ қолданыс мерзімі аяқталған күн | Кредит беру валютасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| № | Кредит беру/лизинг мақсаты | Кредит/лизинг нысанасы, саны | Лизинг нысанасын өндіруші ел |
|---|---|---|---|
| | 8 | 9 | 10 |
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |

Ескертпе: * айналым қаражатын толықтыру/ негізгі құралдарды сатып алу/ салу/ ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты лизингке алу (керегін қою)

Осымен:

1) қарыз алушының кредит және лизинг шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде қолдау көрсетілмейтіні;

2) қаржылық берешегін және жеделдетілген сауықтыру рәсімін қайта құрылымдау жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағаны;

3) қарыз шарты республикалық бюджет және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландырылмағаны;

4) нысаналы мақсаты негізгі құралдарды сатып алу, салу, айналым қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит/лизинг болып табылатыны;

5) қарыз алушы айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және салуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты лизингке алуға алғашқы кредит шарттарының көшірмелерін ұсынғаны (егер қарыз шартының мақсаты бұрын қарызға алынған қаражатты мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу болған жағдайда ұсынылады);

6) кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға жұмыс органына өтінім берілген күнге негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің жоқтығы;

7) қарыз шарты кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасына бұрын қатыспағандығы және одан алынып тасталмағаны расталады.

Қарыз алушының аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі және

______________________________________________________________

қолы (мөр (бар болса) орны)
Қаржы институты басшысының немесе оны алмастыратын
адамның аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі және қолы

______________________________________________________________

(мөр (бар болса) орны)
Қаржы институты өтінім берген күн 20___ жылғы "_____"__________ .
Өтінімнің қабылданған күні 20___ жылғы "_____"________.
Өтінімді қабылдаған адамның аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі және
телефон нөмірі ____________________________________________________
--------------------------------------------------------------------------------
(кесу сызығы)

## Талон

Кредиттер және технологиялық жабдықтың лизингі, ауыл шаруашылығы жануарларын

сатып алуға лизинг, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша

сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға арналған №___________________
өтінім 20___ жылғы "_____"_________
_____ сағат ____ минутта қарауға қабылданды.

_________ ____________________________________________________________
________

(қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның аты, әкесінің аты (ол бар болса ), тегі)

Кредиттер және технологиялық
жабдықтың, ауыл шаруашылығы
малын сатып алудың лизингі,
сондай-ақ ауыл шаруашылығы
техникасының лизингі бойынша
сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

## Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басым қызмет түрлері

1. Ет өндіру және/немесе өңдеу.
2. Сүт өндіру және/немесе өңдеу.
3. Азық өндіру.
4. Өсімдік майын және май-тоң май өнімдерін өндіру.
5. Майлы және дәнді-бұршақты дақылдарды өндіру және/немесе өңдеу.
6. Көкөніс және жеміс-жидек өнімдерін өндіру және/немесе өңдеу.
7. Картоп және қант қызылшасын өндіру және/немесе өңдеу.
8. Ауыл шаруашылығы терілерін және жүн өңдеу.
9. Басқа ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру және/немесе сақтау.
10. Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеудің және тамақ өнеркәсібінің басқа түрлері.

Кредиттер және технологиялық
жабдықтың, ауыл шаруашылығы
малын сатып алудың лизингі,
сондай-ақ ауыл шаруашылығы
техникасының лизингі бойынша
сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

## Субсидиялау шарты

________ қаласы 20__ жылғы "___"__________

Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын ________ облысының (қаласының) ауыл шаруашылығы басқармасы немесе Астана қаласының инвестициялар және

кәсіпкерлікті дамыту басқармасы атынан 20__ жылғы ____________ № _______ сенімхаттың негізінде әрекет ететін ____________ бір тараптан, және бұдан әрі " Қаржы институты" деп аталатын ________ атынан _________ негізінде әрекет ететін __________________, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке алғанда "Тарап" деп аталатындар, төмендегілер туралы осы кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартын (бұдан әрі – шарт) жасасты.

## 1-тарау. Терминдер мен айқындамалар

1. Осы шартта Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 3-тармағында көрсетілген ұғымдар пайдаланылады.

## 2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Осы шарт қаржы институтына ақша қаражаттарын аудару тәртібі мен талаптарын, қаржы институтының қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығаруы процесін жұмыс органның мониторингтеуі талаптарын, Тараптардың жауапкершілігін және өзге талаптарды көздейді.

## 3-тарау. Шарттың талаптары

3. Осы шарт бойынша жұмыс органы шартта айқындалатын талаптармен осы шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыларды субсидиялау кестесіне (бұдан әрі – субсидиялау кестесі) сәйкес "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" тиісті кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Қаржы институты сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін жұмыс органына осы шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға бюджеттен қаражат аударуға

өтінім (бұдан әрі – аударуға арналған өтінім), осы шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп (аударуға арналған бірінші өтінімді берген жағдайда, субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп талап етілмейді) жолдайды, бұл ретте субсидия сомасы субсидиялау кестесіне сәйкес айқындалады.

5. Жұмыс органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударуға арналған өтінім сомасының субсидиялау кестесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

6. Жұмыс органы субсидиялау кестесіне сәйкес болған кезде тиісті қаржы жылына көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына, алдыңғы тоқсанның соңғы айында тоқсандық авансттық төлеммен аударады. Бұл үшін жұмыс органы өтінімді тексергеннен кейін бір күндік мерзім ішінде тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарына жолдайды.

7. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде, сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қарыз шартына өтеу кестесіне сәйкес арнайы банктік шоттан есептен шығаруды жүзеге асырады.

8. Қарыз шарты бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы толық пайыздық сыйақы мөлшерлемесін өз қаражаты есебінен өтеуді жүзеге асырады.

Жұмыс органы пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражатты аудару арқылы өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты қарыз алушыға қарыз алушының есептік шотына субсидияланатын пайыздық сыйақы мөлшерлемесін аудару арқылы бұрын төлеген пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтейді.

## 4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Жұмыс органы:

1) осы шартта белгіленген, Тараптар үшін көзделген міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

2) қаржы институтынан қарыз алушының өтеу кестесіне сәйкес төлемдерді жүзеге асыру бойынша қаржы институтының алдындағы міндеттемелерді орындау барысы туралы құжаттар мен ақпараттарды сұратуға;

3) өзінің құқықтарын және өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін қаржы институтынан қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және банк

құпиясы қамтылған мәліметтерді, субсидиялау рәсіміне қатысатын қарыз алушы туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға және оларды алуға;

4) қаржы институтынан алынған кез келген ақпаратты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынуға;

5) белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттар немесе өтінімдердің сомалары сәйкес келмеген жағдайда осы шарттың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы институтына пысықтауға қайтаруға құқылы.

10. Жұмыс органы:

1) шартта көзделген мерзімдерде субсидия сомасын қаржы институтының арнайы шотына аударуға;

2) бюджетте қаражат болмаған жағдайда қаржы институтын субсидияны аударудың мүмкін еместігі туралы хабардар етуге;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті мынадай мерзімде:

тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдын 30-ына дейін;

жылдың қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін беруге.

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің орынбасарларымен келісілген, кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне мынадай мерзімде ұсынуға:

тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін;

жылдың қорытындысы бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін беруге.

5) осы шартта белгіленген мерзімдерде аударуға арналған өтінім сомасы мен субсидиялау кестесінің сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Өтінім деректері сәйкес келмеген жағдайда, осы факті туралы қаржы институтын хабардар етуге;

6) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығару үшін субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есептерді тексеруді жүзеге асыруға міндетті.

11. Қаржы институты:

1) қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату жағдайын қоспағанда, жұмыс органынан осы шарттың шеңберінде көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін уақтылы аударуды талап етуге;

2) қарыз алушыларды субсидиялауға арналған қаражаттың жеткіліксіздігі туралы жұмыс органын хабардар етуге;

3) қаржы институттарының ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен қарыз алушының міндеттемелерін өтеу кестесіне өзгерістер енгізуге;

4) қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату туралы хабардар етуге құқылы.

12. Қаржы институты:

1) жұмыс органына субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті мынадай мерзімдерде;

тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-сына дейін;

жыл қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-іне дейін беруге;

2) қарыз алушының негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша мерзімі 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен асатын орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, осы факті анықталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы жұмыс органын жазбаша хабардар етуге;

3) қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кейінге қалдыру) өзгерген жағдайда, жұмыс органына қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған кестесін қоса бере отырып, хат жолдауға;

4) жұмыс органына осы шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға бюджеттік қаражат аударуға арналған өтінім ұсынуға;

5) қарыз шарты бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, төлем күні келгенге дейін кемінде

5 (бес) жұмыс күні бұрын қарыз алушыға толық сыйақы мөлшерлемесін өз қаражаты есебінен төлеу қажеттілігі туралы хат/хабарлама жолдауға;

6) оң бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны болашақ субсидиялар есебіне қосып есептеуге міндетті. Теріс бағамдық айырмашылық жағдайында бұл туралы қарыз алушыны дереу хабардар етуге міндетті.

## 5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

13. Осы шарт бойынша Тараптар осы шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

## 6-тарау. Форс-мажорлық мән-жайлар

14. Егер орындаудың мүмкін еместігі форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болып табылса, Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

15. Форс-мажорлық мән-жайлар басталған кезде, осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауының мүмкін болмауы туындаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай мән-жайлар туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

16. Уақтылы хабарлау болмаған кезде, Тарап екінші Тарапқа хабарламаудан немесе уақтылы хабарламаудан келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

17. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы осы шарттың орындалу мерзімін олардың қолданыс кезеңіне ұлғайтуға әкеліп соғады.

18. Егер мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан артық жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

## 7-тарау. Қорытынды ережелер

19. Хат-хабар тиісті түрде ресімделсе (хат-хабар бланкінде берілген немесе мөрмен бекемделген, басшының қолы қойылған және оның тіркеу нөмірі, күні болған жағдайда, ол тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысушы Тараптың мекенжайына почта арқылы (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, ол тиісті түрде ұсынылған немесе жолданған болып саналады.

20. Осы шарт талаптарының, оның ішінде осы шарттың қолданылу мерзімінің кез келген өзгертілуі, тоқтатылуы, Комиссияның оң шешімінің түпнұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, егер осы шартта өзгеше көзделмесе, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

21. Осы Шарт бойынша туындайтын барлық наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы шартқа сәйкес қойылуы тиіс.

Бұл ретте Тараптар дауларды, наразылықтарды міндетті түрде сотқа дейінгі тәртіппен шешу туралы уағдаласты. Барлық жағдайларда қолданылатын заңнама Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады.

22. Осы шарт барлық Тараптардың уәкілетті өкілдері қолдарын қойған күннен бастап күшіне енеді және субсидиялау кестесіне сәйкес қарыз шарттарының мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

23. Осы шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

24. Осы шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 4 (төрт) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бірден екі данада жасалды. Осы шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Тараптар шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

25. Осы Шартқа 1, 2 және 3-қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

26. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері, қолтаңбалары:

Жұмыс орган: Қаржы институты немесе қарыз алушы:

Кредиттер және технологиялық<br>жабдықтың, ауыл шаруашылығы<br>малын сатып алудың лизингі,<br>сондай-ақ ауыл шаруашылығы<br>техникасының лизингі бойынша<br>сыйақы мөлшерлемелерін<br>субсидиялау шартына<br>1-қосымша<br>Нысан

## Субсидиялауға бюджеттен қаражат аударуға арналған өтінім

20 ____ "____" __________

Осымен _______________________________________ қаржы институты " Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" тиісті бюджеттік кіші бағдарламасы шеңберінде _______________ облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Ауыл шаруашылығы басқармасынан 20___ жылғы ___________ ___ № _____ субсидиялау шартына сәйкес бюджеттен қаржы институтының № _ _______________________ шотына __________________ кезеңі үшін __________ ___________ теңге сомасында қаражат аударуды сұрайды.

Қаржы институтының басшысы ________________________________________________

(қолы, аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны

Кредиттер және технологиялық
жабдықтың, ауыл шаруашылығы
малын сатып алудың лизингі,
сондай-ақ ауыл шаруашылығы
техникасының лизингі бойынша
сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау шартына
2-қосымша
Нысан

## 20 ___ жылғы ____ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп Есепті кезең: 20 ___ жылғы ____ тоқсан

Индексі: № 1-ГС нысан

Кезеңділігі: тоқсандық

Ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы институты, ________________________ облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы.

Қайда ұсынылады:_____________ облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне.

Ұсыну мерзімі: қаржы институты тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-сына дейін және жылдың қорытындысы бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-іне дейін __________ облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасына береді. ______________ облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін және жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін ( келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне береді.

| | | | | | | Барлық аударылған субсидиялар, теңге | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| № | Қарыз алушының атауы | ЖСН / БСН | Қарыз шартының № және күні | Қарыз шартының сомасы, теңге | Қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзімі бойынша барлық көзделген субсидия, теңге | Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына | Қаржы | Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге | Пайд субс облы респ маңы мен ауы шару басқ қайт теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | институты қарыз алушыға | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | барлығы | оның ішінде есепті кезеңде | барлығы | оның ішінде есепті кезеңде | барлығы (7-баған - 9-баған) | оның ішінде есепті кезеңде (8-баған - 10-баған) | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | | | | | | | |

Қаржы институтының басшысы _______________ (қолы, аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына
3-қосымша
Нысан

## Қарыз алушыларды субсидиялау кестесі

| № | Қарыз алушының атауы | Қарыз шартының жасалған күні, нөмірі | Қарыз шартының нысаналы мақсаты | Қарыз шартының сомасы, теңге | Қарыз шарты бойынша негізгі борышты қайтару мерзімі | Қарыз шартының кестесі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу мерзімі | Сыйақы мөлшерлемесі, % | | | Қа ме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Жалпы | Субсидияланатын | Қарыз алушы төлейтін | Жа |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | Жиыны | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| 20__жыл | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыйақының жалпы сомасы, теңге | | | | | Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы (субсидияланатын), теңге | | | | | Қарыз алушы төлейтін сыйақ мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, те | | | | |
| Барлығы: | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан | Барлығы: | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан | Барлығы: | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-то |
| | | | | | | | | | | | | | | |

| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| 20___ жыл | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыйақының жалпы сомасы, теңге | | | | | Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы ( субсидияланатын), теңге | | | | | Қарыз алушы төлейтін сыйақ мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, те | | | | |
| Барлығы: | 1 - тоқсан | 2 - тоқсан | 3 - тоқсан | 4 - тоқсан | Барлығы: | 1 - тоқсан | 2 - тоқсан | 3 - тоқсан | 4 - тоқсан | Барлығы: | 1 - тоқсан | 2 - тоқсан | 3 - тоқсан | 4 - то |
| 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 | 37 | 38 | 39 | 40 | 41 | 42 | 43 |
| | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | |

Жұмыс органы ___________ ____________________________________________ _______

Мөр (бар болса) орны қолы (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

Қаржы институты _________ ____________________________________________ ________

Мөр (бар болса) орны қолы (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

20 ___ жылғы ____ тоқсан
үшін субсидиялардың нақты
пайдаланылғаны туралы есеп
нысанына
қосымша

## "20 ___ жылғы ____ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "20___жылғы ____ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп" нысанын қаржы институты жұмыс органына тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-сына дейін және жылдың қорытындысы бойынша ( келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-іне дейін ұсынады.

2. Жұмыс органы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін және жылдың қорытындысы бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне береді.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"№" деген 1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

"Қарыз алушының атауы" деген 2-бағанда субсидиялауға мақұлданған қарыз алушы көрсетіледі;

"ЖСН/БСН" деген 3-бағанда қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Шарттың № және күні" деген 4-бағанда қарыз шартының нөмірі және күні көрсетіледі;

"Қарыз шартының сомасы, теңге" деген 5-бағанда жасалған қарыз шартының жалпы сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде көзделген барлық субсидия, теңге" деген 6-бағанда қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзіміне көзделген субсидия сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Барлық аударылған субсидиялар, теңге" деген 7, 8, 9 және 10-бағандарда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына және қаржы институты есепті кезең үшін қарыз алушыға аударған субсидиялар қаражатының жалпы нақты көлемі және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге" деген 11 және 12-бағандарда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына және қаржы институты қарыз алушыға аударған жалпы нақты субсидия көлемдері арасындағы айырмашылық ( 11-баған = 7-баған - 9-баған), оның ішінде есепті кезең үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына және қаржы институты қарыз алушыға аударған субсидиялар арасындағы айырмашылық (12-баған = 8-баған - 10-баған) және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Пайдаланылмаған субсидияларды жұмыс органына қайтару (нақты), теңге" деген 13-бағанда қаржы институты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасының есебіне аударған пайдаланылмаған субсидиялардың нақты сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Қаржы институтының арнайы шотындағы субсидиялардың қалдығы (11-баған - 13-баған), теңге" деген 14-бағанда субсидиялар сомасы, қарыз шарттары бойынша есептелген және есептен шығарылған субсидиялардың сомасы және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасына қайтарылған пайдаланылмаған субсидиялардың нақты сомасы арасындағы айырмашылық (14 баған = 11-баған - 13-баған) және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша

сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау қағидаларына
4-қосымша
Нысан
"Келісілді"
__________ облысының,
республикалық маңызы бар
қала және астана әкімінің
орынбасары____________
_________________________
(аты, әкесінің аты (ол бар
болса), тегі)
_________________________
(қолы)
20__ жылғы "____"
________________________

# 20 ___ жылғы ____ тоқсан үшін кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасының іске асырылуы туралы мәліметтер

20__ жылғы "____" ________

Мемлекеттік органның атауы ________________________________________________

Жоғарыда тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы ____________________________

__________________________________________________________________________

Жергілікті бюджет қаражаты ________________________________________________

__________________________________________________________________________

(бюджеттік бағдарламаның атауы)

__________________________________________________________________________

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

| № | Агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің атауы | БСН | Қаржы институтының атауы | Қарыз шартының нысаналы мақсаты | Қарыз шартының сомасы, мың теңге | Агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің қаржылық институтқа өтінім берген уақытындағы | Жалпы сыйақы мөлшерлемесі, % | Субсидияланған сыйақы мөлшерлемесі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | негізгі борышың сомасы, мың теңге | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |
| | Жиыны | | | | | | | |

Жұмыс органы ___________________________________________________ ______ ________

Мөр (бар болса) орны (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК